



DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2026-154-1-165-182>

ХҒТАР 16.21.55
Ғылыми мақала

Ө. Әбдіманұлы¹, М.М. Қондыбай^{2*}, Л.Н. Дауренбекова³

^{1,2}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹abdimanuly@rambler.ru, ²medetmanasuly@gmail.com*,

³daurenbekova.laura@mail.ru; fari1996@mail.ru)

XX ҒАСЫРДЫҢ БАС КЕЗІНДЕГІ ӘНШІ-АҚЫНДАР МЕН ЖЫРШЫ-ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ТӘУЕЛСІЗДІК ИДЕЯСЫ

Аңдатпа. Аңдатпа. Мақалада XX ғасырдың басы мен алғашқы жартысындағы қазақ әнші-ақындары мен жырау-жыршылары поэзиясында көрініс тапқан тәуелсіздік идеясы кешенді түрде қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – XX ғасырдағы қазақ әнші-ақындары, жырау-жыршылар шығармаларында көрініс тапқан тәуелсіздік идеясының мазмұндық ауқымын жан-жақты ашып, оның көркем-тілдік репрезентациясының жаңаша таныстыру мүмкіндіктерін айқындау. Бұл мақсат әнші-ақындар поэзиясында ұлт азаттығы мұраты мен тәуелсіздік идеясын бейнелеудің тарихи, эстетикалық және лингвостилистикалық қырларын тұтас жүйеде қарастыруды қажет етеді. Зерттеу барысында тарихи-хронологиялық, сипаттамалы, салыстырмалы, контент-талдау және лингвостилистикалық әдістер қолданылды. Қазақтың дәстүрлі жыраулық және әнші-ақындық поэзиясындағы азаттық идеясының тарихи бастаулары мен оның XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік жағдайлармен сабақтастығы жүйелі түрде сараланды. Бұл кезеңдегі отаршылдық қысым мен қоғамдық өзгерістердің ақындар дүниетанымына ықпалы анықталып, олардың шығармаларындағы азаттық рухының көркемдік репрезентациясы талданды. Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Кенен Әзірбайұлы, Иса Байзақов, Нартай Бекежанов сынды көрнекті тұлғалардың шығармалары мазмұндық тұрғыдан жүйеленді. Сонымен қатар поэзиядағы метафора, эпитет, символ, тарихи образдар сияқты көркемдік құралдардың тәуелсіздік идеясын жеткізудегі қызметі нақты тілдік деректер негізінде айқындалды. Зерттеу нәтижесінде бұл кезең поэзиясы халықтың азаттыққа ұмтылысын бейнелейтін маңызды рухани құбылыс екені дәлелденіп, оның ұлттық сана мен тарихи жадты қалыптастырудағы рөлі айқындалды.

Түйін сөздер: тәуелсіздік идеясы, әнші-ақындар, ұлт-азаттық поэзиясы, символдық образдар, поэтикалық тіл, кеңестік цензура.

Түсті: 22.12.2026; Жөнделді: 13.03.2026; Мақұлданды: 18.03.2026; Онлайн қолжетімді: 31.03.2026

Кіріспе

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихында еркіндік пен тәуелсіздік мұраты – өнер мен әдебиетте желісі үзілмей келе жатқан өзекті тақырып. XX ғасыр басындағы қазақ қоғамында орын алған аса елеулі тарихи міндеті ауыр оқиғалар тізбегі, атап айтқанда, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс, 1917 жылғы төңкерістер, азамат соғысы және одан кейінгі кезеңде жаңадан орныға бастаған кеңестік тәртіп тұсында қазақ жырау-жыршылары мен әнші ақындары дүниені дүр сілкіндірген замана өзгерістерін жырға қосып, елдік пен еркіндік тақырыбын өз шығармашылықтарының алтын арқауына айналдырды. Алайда сол дәуірде олардың бұл тақырыптағы туындыларының басым бөлігі саяси цензураға ұшырап, көпшілігі жарыққа шықпай қалды (Қалиев, 2008: 39). Кеңестік идеология олардың біраз өлең-жырларын халыққа насихат құралы ету мақсатында түпкі мағынасынан алыстатып, өзгеріске ұшыратты. Дегенмен, халық жады мен ауызша дәстүр бұл шығармаларды ұмыттырмай, жасырын түрде болса да бүгінгі күнге жеткізді (Altayev et al., 2021: 12)

1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін ғана бұрынғы цензура шектеулері алынып, осы ұлт-азаттық мазмұндағы әдеби мұралар қайта зерделене бастады. Көптеген ақтаңдақтардың беті ашылып, Кеңес дәуірінде айтуға тыйым салынған әнші-ақындар шығармашылығы ғылыми айналымға түсті.

XX ғасырдағы қазақ жырау-әнші-ақындар шығармашылығындағы «Тәуелсіздік» идеясы – қазіргі қазақ филологиясы мен тарихындағы көкейкесті мәселелердің бірі. Бұл идеяның көркем мәтіндердегі көріністерін бейнелеу тұрғысынан талдау – қазіргі ұлттық тарихи сананы қалыптастыру үшін аса маңызды болып табылады. Себебі бүгінгі тәуелсіздік рухының әдеби-тарихи негіздерін тану, оның мән-мағынасын жас ұрпақ санасына сіңіру, ұлттық болмысқа тән ұлттық рух, ұлттық сана, ұлттық ұстаным сынды тәуелсіздік тірегі іспетті ұғымдар заманадан- заманаға дәстүр жалғасын тауып, ұрпақтар ой-сана сабақтастығын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің мақсаты – XX ғасырдағы қазақ жырау-жыршылары мен әнші-ақындар шығармаларында көрініс тапқан тәуелсіздік идеясының мән-мағынасын жан-жақты ашу және оның көркем тілдік өрнектер арқылы берілу мен жеткізу жолдарын анықтау. Бұл мақсат жырау-жыршылар мен әнші-ақындар поэзиясында ұлт бостандығы мен тәуелсіздік мұратын бейнелеудің тарихи-деректік (исторические факты) түп негізі мен көркемдік қиял (Художественный вымысел) арқылы жетілдіруінің тілдік қырларын тұтас жүйеде қарастыруды талап етеді. Алға қойылған міндеттер осы мақсаттың мазмұнын нақтылай отырып, зерттеудің теориялық және қолданбалы бағытын айқындайды.

Ең алдымен, қазақтың жырау-жыршылары мен әнші ақындары дәстүрінде орын алған ұлт-азаттық идеясының тарихи бастауларын сипаттау көзделеді. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы саяси-әлеуметтік ахуалдың ақындар шығармашылығына тигізген ықпалын анықтау арқылы тәуелсіздік идеясын тудырған рухани-тарихи алғышарттар айқындалады. Бұл кезеңдегі қоғамдық күйзелістер, отаршылдық қысым және халық санасындағы өзгерістер жырау-жыршы, әнші-ақын поэзиясында көрініс бергендіктен, тарихи контексті талдау зерттеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Өйткені, олардың институты тек әдеби құбылыс емес, ол дәстүрлі қазақ қоғамындағы саяси және мәдени коммуникацияның маңызды механизмі болып табылады (Kurmanbaev et al., 2017: 652).

Сонымен қатар, ХХ ғасырдағы ірі жырау-жыршылардың – Жамбыл Жабаев, Нұрпейіс Байғанин, Доскей Әлімбайұлы, әнші-ақындардың – Кенен Әзірбайұлы, Иса Байзақов, Нартай Бекежанов, Саяділ Керімбеков және басқа да тұлғалардың мұраларында байқалатын азаттық рухын танытатын негізгі шығармаларды жинақтап, мазмұндық тұрғыдан талдау міндеті қойылады. Мұндай шығармаларды жүйелеу олардың әрқайсысының ұлттық тәуелсіздік идеясына қосқан үлесін саралауға мүмкіндік береді.

Зерттеудің келесі бір маңызды бағыты – тәуелсіздік идеясының көркем тілдік берілуін қамтамасыз еткен поэтикалық құралдарды айқындау. Әнші-ақындар өлеңдерінде қолданылған метафоралар, эпитеттер, символдық образдар, тарихи аллюзиялар және басқа да тілдік-стилистикалық тәсілдер талдана отырып, олардың азаттық мазмұнын күшейтудегі ролі мысалдар арқылы дәйектеледі. Жыршы-жыраулардың тілі қазақ халқына ортақ түсінікті болған, халықтың ортақ мүддесіне қызмет ете білген (Сейітова, 2025: 130).

Зерттеу барысында әнші-ақындар шығармашылығындағы бостандық мұратының кейінгі кезеңдерде әдеби-мәдени дискурста қайта жаңғырып, жаңа мазмұнда бағалануы да назарға алынады. Бұл үрдіс ұлттық әдеби жадтың жаңғыруын және тәуелсіздік идеясының қазіргі мәдениетте өзектілігін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Жұмыстың дереккөзі ретінде ХХ ғасырдың бас кезі мен алғашқы жартысындағы ең көрнекті жырау-жыршылар мен әнші-ақындардың тәуелсіздік тақырыбындағы өлең, жыр, толғаулары алынды. Атап айтқанда, Жамбыл Жабаевтың 1916 жылғы көтеріліс кезіндегі «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды» т.б. өлең-толғаулары, Кенен Әзірбайұлының «Бозторғай», «Аттан», «Қайран елім, қайда?», «Бұлбұлға» сияқты әндері мен жырлары, Доскей Әлімбайұлының «Кенесары» дастаны, Нұрпейіс Байғанин, Иса Байзақов, Нартай Бекежанов, Саяділ Керімбековтың ел бірлігі мен ерлік туралы жырлары негізгі материал ретінде қарастырылды. Бұл шығармалардың бірқатары қазіргі кезде арнайы жинақтар мен антологияларда жарық көрді. Мәселен, 2014 жылы жарық көрген «Ақындар аманаты» жинағында Ақтан Керейұлы, Доскей Әлімбайұлы, Аралбай Оңғарбекұлы секілді ақындардың шығармалары топтастырылған. Сол сияқты әр ақынның жеке жинақтары, архивтік материалдар, мәтіндердің қолжазба нұсқалары да мүмкіндігінше пайдаланылды.

Зерттеуде тарихи-хронологиялық, сипаттамалы әдіспен қатар лингвистикалық талдау әдістері кешенді түрде қолданылды. Алдымен деректерді жинақтау барысында тарихилық әдіс пайдаланылып, ақындардың өмір сүрген дәуірі мен сол кезеңдегі оқиғалар реті хронологиялық жүйеде қарастырылды. Кейін мәтіндерді талдауда контент-талдау, салыстырмалы талдау, мәтін талдау және поэтикалық талдау әдістері ұштастырыла қолданылды. Мәтіндегі тәуелсіздік идеясын білдіретін кілт сөздер мен образдар, мысалы, «еркіндік», «азаттық», «бостандық», «құлдық», «шынжыр», «қамал» т.б. контент-талдау арқылы анықталды. Жырау-жыршылар мен әнші-ақындар шығармаларындағы ұқсас мотивтер мен тіл өрнектері салыстырмалы әдіспен қарастырылып, олардың әр ақында қайталану немесе ерекшелену сипаты айқындалды. Лингвостилистикалық талдау арқылы өлең мәтіндерінің лексикалық құрамы, троптар мен фигуралар (теңеу, метафора, алмастыру, қайталау) талданып, олардың тәуелсіздік идеясын ашудағы рөлі бағаланды.

Зерттеу барысында мәтін талдау әдісі кеңінен қолданылды. Кеңестік кезеңде басылым көрген кейбір жырлардың цензура әсерінен өзгеріске ұшырағаны салыстырылды. Мәселен, Доскей ақынның «Кенесары» дастанының түпнұсқасы мен жарияланған нұсқасын салыстыру арқылы кеңестік цензураның мәтінге ықпалы қарастырылды. Сол сияқты Омар Шипиннің 1943 жылы жарық көрген «Амангелді» дастанының алғашқы қолжазба нұсқасындағы кей жолдардың кейінгі басылымда алынып тасталғаны анықталды (Әсіпов, 1980: 140).

Зерттеудің әдістемелік негізінде отандық және шетелдік ғалымдардың фольклортану, әдебиеттану, лингвистика салаларындағы теориялық еңбектері жатыр. Атап айтқанда, Е. Ысмайылов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали, С. Негимов, Ш. Керім сынды ғалымдардың әнші-ақындар мұрасын зерттеген еңбектері басшылыққа алынды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ әдебиеттану ғылымында әнші-ақындар шығармашылығын зерттеу бағытында бірқатар іргелі жұмыстар жүргізілген. Кеңес заманында халық ақындарының шығармашылығын зерттеу партиялық идеологияның қатаң бақылауында болды. Соған қарамастан, 1940-50 жылдары кейбір ғалымдар халық ақындарының өмірі мен өнері жайлы құнды деректер жинауға үлес қосты. Солардың бірі – академик Есмағамбет Ысмайылов. Оның 1956 жылы жарық көрген «Ақындар» атты монографиясы қазақтың халық ақындары туралы тұңғыш ғылыми еңбек болды (Ысмайылов, 1956: 340). Е. Ысмайылов өз заманында Жамбыл, Нұрпейіс, Шашубай, Кенен, Нұрқан, Қалқа, Нартай, Доскей сынды көптеген ақындармен жүздесіп, өлеңдерін өз аузынан жазып алғанын айтады. Ғалым сол арқылы әнші-ақындар шығармашылығы мен олардың жазылу тарихына қатысты баға жетпес деректерді хатқа түсірді. Революцияға дейінгі азаттық қозғалыстарды жырлаған шығармалар кеңестік қоғамға жат деп танылды (Sultan et al., 2024: 125).

Дегенмен, кеңестік жылдары халық поэзиясы жанрлық тұрғыда зерттеліп, кейбір ақындардың совет тақырыбындағы еңбектері жоғары бағаланды. Қазақ ССР Ғылым академиясының көп томдық «Қазақ әдебиеті тарихы» еңбектерінде Жамбыл, Нұрпейіс, Иса, Саяділ, Кенен, Омар, Доскей, Нұрхан секілді халық ақындарының кеңес дәуіріндегі шығармашылығы арнайы тарауларда қарастырылды. Мысалы, 1960 жылдары жарық көрген осы академиялық басылымның II томының 2-кітабында «1916 жыл туралы поэзия» деген бөлімде 1916 жылғы көтерілісті жырлаған халық поэзиясында Нұрхан Ахметбековтің, Омар Шипиннің, т.б. ақындардың үлесі зор екені атап өтілді (ҚЭТ, 1967: 642).

Кеңестік кезең ғалымдары жырау-жыршылар мен әнші-ақындар мұрасын негізінен фольклор ретінде қарастырып, олардың суырыпсалмалық өнерін, айтыстағы шеберлігін зерттеді. Мәселен, Е. Тұрсынов «Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері» (1976) атты еңбегінде көне жыраулар мен кейінгі ақындар өнеріндегі дәстүр жалғастығын сөз етеді (Тұрсынов, 1976: 30).

1980-жылдарға дейін Кенесары қозғалысы, 1916 көтерілісі туралы жырлар «халыққа қарсы элементтердің жыры» деп бағаланып келді. Академик С. Қасқабасов атап көрсеткендей, кеңестік дәуірде ұлт тағдырына қатысты маңызды мәселелер әдебиетте көбіне үстірт қана көрініс тапты, көбінесе «әлеуметтік тапсырыс» деңгейінде ғана жырланды (Қасқабасов, 1986).

Сонымен бірге, кеңестік кезеңде әнші-ақындар туралы естелік-эсселер, өмірбаяндық кітаптар да жарық көрді. Мысалы, І. Жақановтың «Жүрек пернесі» (алғашқы басылымы 2008 жылы, толықтырылғаны 2015 жылы) атты лирикалық эссе кітабында Балуан Шолақ, Кенен, Нартай сияқты әнші-композиторлардың өмірі мен өнері жайлы көркем толғаныстар берілген. І. Жақанов – кәсіби композитор әрі музыка зерттеушісі ретінде өз еңбегінде әрбір әннің шығу тарихын, оның астарындағы ой мен идеяны зерделеуге тырысты (Жақанов, 2015: 480).

Егемендік алғаннан кейін қазақ әдебиетінің бұрмаланған тұстарына жаңаша үңілу басталды. Халық ақындарының кеңестік идеология қыспағынан босап шыққан шынайы болмысын тануға жол ашылды. 1991 жылдан бері жарық көрген еңбектерде әнші-ақындардың өмірі мен шығармашылығын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан бағалау үрдісі байқалады. Бұл кезеңдегі зерттеулерді екі топқа бөліп қарастыруға болады: бірі – бұрынғы ақындар мұрасын жинап жариялау, текстологиялық сараптау бағытындағы жұмыстар; екіншісі – ғылыми диссертациялар мен монографиялар түріндегі теориялық талдаулар.

Алдымен, мәтіндерді жинақтап жариялау ісіне тоқталсақ, тәуелсіздік жылдары көптеген жинақтар жарық көрді. Бұрын қолжазба түрінде архивтерде жатқан немесе халықжадында сақталған өлең-жырлар кітап болып басылды. Мысалы, жоғарыда аталған «Ақындар аманаты» сериясы аясында бірнеше том шығарылып, Ақтан, Доскей, Аралбай сияқты ақындардың еңбектері жарық көрді (Ыбырайым, 2014: 288). Бұл жинақтарда әр ақынның түрлі тақырыптағы шығармалары қамтылғанымен, ішінде міндетті түрде ұлт-азаттық сарын бар жырлар да енді. Доскей Әлімбайұлының бұрын жарияланбай келген «Кенесары» поэмасы, Ақтан Керейұлының елдік рухтағы толғаулары кітаптарда алғаш рет басылды. Сол арқылы кешегі күні белгісіз болып келген мұра жұртшылықпен қайта қауышты.

Текстологиялық жұмыстар нәтижесінде кейбір бұрмаланып кеткен өлеңдердің төл мазмұны анықталды. Мысалы, Омар Шипиннің 1943 жылы жарияланған «Амангелді» дастанындағы кеңестік цензура алып тастаған жолдар табылып, қалпына келтірілді. Алғашқы қолжазба нұсқасында ақын 1916 жылғы көтерілісті Кенесары көтерілісінің жалғасы деп көрсетуге тырысқан екен. Ол үшін Кенесарыны «елін сүйген ер» деп сипаттап, Амангелді батырды сол жолдың жалғастырушысы қылып суреттеген (Ыбырайым, 2014: 151).

Енді теориялық зерттеулерге ойыссақ, 1990 жылдардан бері бірнеше кандидаттық, докторлық диссертациялар қорғалып, монографиялар жарық көрді.

С. Негимовтың «Қазақтың сал-серілері» (2005) атты еңбегі ғылыми эссе үлгісінде жазылған, онда сал-серілер феномені тарихи-мәдени құбылыс ретінде сипатталады. Негимов әртүрлі деректерді біріктіре отырып, әнші-ақындардың өміріндегі қызықты оқиғаларды баяндайды, олардың өнерпаздық болмысын ашады. Кітапта еркіндік сүйгіш серілердің мінезі, қоғамға көзқарасы, тіпті кейбірінің патшалық озбырлыққа қарсы айтқан мысқыл өлеңдері мысалға келтіріледі (Негимов, 2005: 128). Мәселен, Біржан салдың Қоянды жәрмеңкесінде айтқан мысқыл өлеңі немесе Мәди Бәпиұлының «Қаракесек» әніне енгізген қарсылық сарындары туралы сөз болады. Онда сал-серілерді тек сауыққой әнші емес, ел мұңын сезінген, әділетсіздікке наразылығын әнмен жеткізген «сөз зергерлері» ретінде танытады.

С. Жанпейісова 2010 жылы қорғаған кандидаттық диссертациясында қазақ прозасындағы әнші-ақындар бейнесін талдады. Ғалым: «Өнер адамдарының тарихи

тағдырын арқау еткен ғылыми еңбектерде белгілі себептермен көп жайт айтылмай қалды, ал көркем туындыларда олар астарлап болса да айтылды», – деген пікір білдіреді (Жанпейісова, 2010: 4).

2017 жылы Ш. Керімнің «Сал-серілер поэзиясы. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы» атты монографиясы жарық көрді. Бұл еңбекте Ақан сері, Біржан сал дәстүрінің жалғасы ретінде XX ғасыр басындағы сал-серілер (әнші-ақындар) поэзиясы талданады. Автор осы өнерпаздардың поэзиясындағы тақырыптық ерекшеліктерді атап, азаттық тақырыбының да шет қалмағанын көрсетеді (Керім, 2017: 108).

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс – қазақ халқының отарлық езгіге қарсы ең ірі бас көтерулерінің бірі ретінде тарихта таңбаланып қалған орасан зор оқиға. Бұл дүрбелең жырау-жыршылар мен әнші-ақындар сынды халықтың сүйікті өнерпаз тұлғаларының жанын ауыртып, жүрегін толқытпай тұра алмады. Сол бір қаралы жылы ел басына күн туып, жігіттерді майдандағы қара жұмысқа алу туралы патша жарлығы жарияланғанда, қазақ ақындары алғашқылардың бірі болып бұқараның атынан үн қатты. Жамбыл, Кенен, Нұрпейіс секілді ақындар елмен бірге толқып, қарсылық жырларын шығарды.

Жамбыл 1916 жылғы қазақ сахарасындағы ұлт-азаттық қозғалысы басталған рухты уақыттың ұранды заманында, өз халқымен бірге болып, еркіндікті аңсаған ерікті ерлердің жанынан табылып, азаттыққа ұмтылған ерлікті күресті күндердің шежерелі жырын жырлады. Ұлы жыраудың «Зілді бұйрық», «Патша әмірі тарылды», «Халық кегі», т.б. өлеңдері – осының нақты айғағы.

Жамбылдың «Патша әмірі тарылды» және «Зілді бұйрық» өлеңдері арқылы отаршылдық езгіге қарсы наразылық пен тәуелсіздік идеясының көріністерін байқауға болады. Ақын патша жарлығы әкелген зорлық-зомбылықты күйзеле әшкерелей отырып, қазақ жұртының басына төнген қасіретті тайсалмай ашық жырлады. Елді бас көтеруге, бостандық үшін күреске үндеген рухты үнін жеткізеді. Ақын былай дейді:

*«Патша әмірі тарылды,
Оған қылар бар ма ылаж?!
Ішке толған зарымды
Кімге айтармын қылып наз!
Көген көзді қосақтап,
Қалай қиып берерміз?!
Көздің жасы моншақтап,
Көңіл шер боп өлерміз» (Жабаев, 2021).*

Бұл толғауында Жамбыл елдегі ауыр жағдайдың жайын бедерлі бейнелейді. Жасаққа адам алу жөніндегі бұл бұйрық «халықтың басына түскен жасындай, жығылғанға жұдырық» деп, Жамбыл жұрттың жан дүниесіндегі күйзеліс пен наразылықты күйіне жырлайды. Өлеңде шарасыз халықтың көз жасы моншақтап төгілгені, «барар жер, басар тауы қалмаған» аласұрған күйі сәтті суреттеледі. Баларын өмір мен өлім арпалысқан қанқұйлы соғыстың қалың өртіне қолына қару бермей, қара жұмысына айдағанын көріп, құр-қол перзентін өлімге қимай, зар еңіреген әке-шешенің мұң-зарын әсерлі жеткізеді («Көген көзді қосақтап, қалай қиып берерміз?!»).

Елдің еркін дәурені мен тар кезеңнің тақсіреті салыстырмалы түрде беріледі: «Дүниенің кеңдігі – жүргеніңде басың бос» деп, бостандық барда тіршіліктің кеңдігі

білінбейтінін, ал ерік жоқ та, дүние тарылатындығын – патшаға кіріптар халыққа енді достық жоқ екенін ақын ашына жеткізеді. Толғау соңында Жамбыл шарасыз елдің көкейін тескен көп сауалға жауап іздеп, шешімін сұрай арнау арқылы астарлай жеткізеді. Ата қонысты тастап көшу ме, тағдырға мойынсұнып «ит қорлықта» өмір сүру ме, жоқ әлде тәуекелге бел байлап қарсылыққа шығу ма деген көп сұрақтың жауабы, үш жолдың бірі соңғысында екенін ақынның тұспалдап жеткізіп отырғаны айдан анық. Халқының қасіретті жай-күйін жанымен түйсінген жырау азамат ерге дем беріп, отаршыл империя саясатын тайсалмай сынап, тағдыры тығырыққа тірелген ел-жұртының атқа мінер ер-азаматын тәуелсіздік жолындағы азаттық күреске шақырады.

Ал, «Зілді бұйрық» өлеңінде:

«Верныйден» жандаралдар бұйрық қылды,

Құйрығы бұйрығының тіпті зілді.

«Отыз бір - он тоғызды алад» деген

Суық хабар халықты бұлқындырды.

... Аттандық ұлығының қонысына,

Елді сорған борсықтай болысына.» (Жабаев, 19201), – деп, патша жарлығына қарсы болған 1916 жылғы көтеріліс оқиғаларын эпикалық сарында баяндайды.

Жамбыл бұл жырында Жетісу өңірінде өткен халық толқуларының көріністерін көзбен көргендей шынайы суреттейді. Өлең басында Верный қаласынан келген жандаралдың «құйрығы зілді» бұйрығы жарияланып, 19 бен 31 жас аралығындағы жігіттерді қара жұмысқа алу туралы хабар халықты дүр сілкіндіреді. Халық алғаш бұлқынса да, ақыры намысы қозып, ұйымдасып қарсылыққа шығады. Жамбыл жырау көтеріліс басшысы Бекболат Әшекеев және оның серіктерінің ауыр тағдырын нақты аттарымен жырлап, отаршыл биліктің зұлымдығын әшкерелейді. Ақыры бас көтерген ерлерді патша жеңдеттері дарға асады деп суреттейді. Ақын халықтың азаттық жолындағы осы құрбандығын көрсетуімен бірге, бұл қантөгісті өзі «көксеген азаттықтың соғысы» деп атайды.

«XX ғасыр Гомері» атанған ұлы Жамбыл ежелден тамыр тартқан жыраулық дәстүрді шығармашылығының түп қазығына айналдыра отырып, кешегі кеңестік кезең деп аталған заманда қазақ жыраулық өнерін жаңашылдықпен дамытып, жаңа дәуірдің ұлы жырауына айналды.

Жамбылдың замандасы әрі 1916 жылғы тарихи оқиғалардың тікелей куәгерлерінің бірі, жыраулық дәстүр өкілі – Төлеу Көбдіков маусым жарлығының халық санасында тудырған күйзелісін бейнелейтін «Сарыарқаның сарыны» («Сарыарқа») атты толғауын дүниеге әкелген. Ақын бұл шығармасында патша жарлығы елге жеткен сәттегі жұрттың есеңгіреген, күйреген көңіл күйін көркем поэтикалық образдар арқылы терең әрі әсерлі шынайылықпен суреттейді. Толғаудың алғашқы шумақтары туған жерге тағзым жасау формасында өріліп, оның символикалық мәнін аша түседі:

«Сары Арқа қаламысың туған жерім,

Кір жуып, кіндігімді кескен жерім.

Бұрынғы қан төгісіп атам қонған,

Жетіжұрт бізден бұрын көшкен жерім!

Айрылып, Сары Арқаның саласынан

Болар ма қазақ аты өшкен жерің» (Дүйсенов, 1982).

Бұл жолдарда ақын Сарыарқа кеңістігін ұлттық жадтың, тарихи тамырдың, этникалық тұрақтылықтың символы ретінде бейнелейді. Географиялық атау поэтикалық мәтінде концептілік деңгейге көтеріліп, «кіндік кескен жер», «атам қонған жұрт» сияқты тіркестер арқылы қазақтың атақоныс-мәңгілік мекен ұғымын танытады. Осыған қарама-қарсы қойылған «айрылып», «өшкен жер» сияқты сөздер – отарлық қысым салдарынан туған жерден ажырау, ұлттық болмыстың әлсіреу қаупі тәрізді трагедиялық мазмұнды айшықтайды.

Толғаудың келесі шумағында ақын елдің көңіліндегі үміт пен күдік қатар өріліп жатқан аласапыран кезеңнің психологиялық картинасын береді:

«Қайран ел, қайран жерден кетеміз бе?

Мұратқа әлде алда жетеміз бе?

Қауіпті су, қатерлі кезеңдер бар,

Жол тауып, ман-есен өтеміз бе?

Сары арқа ұйқыменен таң атырған»» (Дүйсенов, 1982)

Бұл жолдар – экзистенциалды сұрауларға құрылған риторикалық құрылым, олардың прагматикалық қызметі – тыңдаушының эмоционалды қабылдауын тереңдету, халықтың белгісіздік алдындағы үрейін сезіндіру. «Қауіпті су», «қатерлі кезең» тіркестері – отаршыл биліктің зорлықшыл саясатының астарлы метафоралары. Мұнда табиғат құбылыстары арқылы саяси ахуалдың қауіптілігі көрсетіледі. Осы тұрғыдан алғанда «су», «кезең» ұғымдары тек кеңістік не уақыт көрсеткіші емес, халықтың тарихи даму жолындағы өткел, сынақ, тосқауыл іспетті концептуалдық мәнге ие. Осыған сәйкес, қазақ әдеби мәтіндерінде уақыт пен кеңістік категориялары тек номинативтік қызмет атқарып қана қоймай, ұлттық дүниетанымды айқындайтын терең семантикалық әрі символдық құрылым ретінде көрінеді, яғни олар тарихи тәжірибе мен мәдени жадты бейнелейтін концептуалдық жүйе қызметін атқарады (Zhakupov et al., 2020: 523–525).

Сонымен қатар, «Сарыарқа ұйқыменен таң атырған» жолы – елдің бейқам күндерінің аяқталып, отарлық қысым салдарынан тарихи оянудың басталғанын мегзейтін поэтикалық сигнал. Бұл – Төлеу Көбдіков толғауындағы маңызды концептілік түйіндердің бірі.

Аталған шығарманың тарихи-көркемдік маңызына орай, профессор Б. Кенжебаев 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты ауызша тараған поэзиялық шығармаларды тақырыптық-мазмұндық сипаттарына қарай топтастыра келе, Төлеу Көбдіковтың «Сарыарқасын» маусым жарлығы мен оның халыққа тигізген психологиялық әсерін көрсететін ең көрнекті туындылардың бірі деп бағалайды (Кенжебаев, 1958: 273)

Осы кезеңде да Жетісу жерінде «патша жарлығына» қарсы үгіт жүргізіп, елді көтеріліске жігерлендірген ақындардың бірі – әнші ақын Кенен Әзірбайұлы. Тарихи деректерге сүйенсек, Кенен Әзірбайұлы Жетісу өңіріндегі көтеріліс басшыларының бірі болған Бекболат Әшекеевтің жанында жүріп, өзінің өлең-жырларымен халықты рухтандыра білген. Ақынның «Аттан», «Қайран елім, қайда», «Бұлбұлға» әндері осы кезеңдерде туындаған.

«Қара жаяу Кенен» атанып жүрген ақынның сөзі қара халыққа өтімді болғаны сонша, оның патша үкіметіне жігіт бермеуге үндеген үгіттері кең тарады. Кенен сол аласапыран уақытта қолына қару да алып, кей шайқастарға араласа жүріп, куә де болады. Кейін патша әскерлерінен сытылып, біраз уақыт Қырғыз елін паналауға мәжбүр болады. Кейін өзі еске алғандай: «Осындай ел басына күн туған заманда әнші қолына қару алып та, домбырасымен де күреседі» (Қоспақов, 1996: 19).

Мәселен, Кенен Әзірбайұлының «Аттан» әнін алып қарайық. Атауының өзі «атқа қону», «жауға қарсы аттану» ұранын білдіреді. «Қайран елім, қайда?» әнінде ақын еліне қауіп төнген заманға күйзеледі:

*«Алатау алабында туып өстік,
Қайнардың тасып аққан суын іштік.
Халық үшін қайғы тартып, азап шегіп,
Патшаның зорлығынан босып көштік» (Әзірбаев, 1916).*

Бұл жолдарда ақын туған жердің табиғи кеңістігін идеализациялайды. Алатау – географиялық атаудан гөрі ұлттық тұрақтылық пен атақоныс символы, ал «қайнардың тасып аққан суы» – тіршіліктің, еркін өмірдің архетиптік белгісі.

«Тас жастап, мұз бүркеніп өтті күнім,

Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім» (Әзірбаев, 1916), – деген жолдар босқын халықтың ауыр тұрмысын суреттейтін физикалық және эмоционалдық метафоралар. Төменгі жолдарда патша саясатының қазақ қоғамының дәстүрлі отбасылық-рулық жүйесін күйреткенін көрсететін маңызды мәтіндік белгілер анық көрінеді:

*«Жер мен ел, туып өскен, қош-аман бол,
Қалдың-ау, қатын, бала, аға, інім!
Аман бол, көріскенше ел-ағайын,
Басыңа түсті қазір сары уайым» (Әзірбаев, 1916).*

Яғни, жеке қайғы арқылы ұлттық қайғы көрсетіледі: жерден айырылу – елден айырылу, елден айырылу – отбасынан айырылу.

«Ел-жұртым еркіндік ап, басын қосса,

Серпілер онда менің арман-ойым» (Әзірбаев, 1916), – деген өлеңнің соңғы жолдарында тәуелсіздік идеясы қызметтік модальдылық арқылы беріледі.

Кенен Әзірбайұлының мұңды дастан-хикаяты «Бұлбұлға» әнінен де еркіндік аңсаған көңіл күй анық байқалады. Өлеңнің концептуалдық, семантикалық және тілдік өрнектері біртұтас ұлттық-экзистенциалдық мазмұнды қалыптастырады: мәтіндегі негізгі концепт – «бұлбұл» образы, ол еркіндіктің, сағыныштың және қуғын көрген адамның рухани халінің символына айналады:

*«Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,
Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр.
Айрылып ел мен жерден жүрген шақта,
Жұбатып ертелі кеш сайра да тұр» (Әзірбаев, 1916)*

«Сендебұлбұл, мендебұлбұл» деген жолдар арқылы ақын жекетрагедияны отаршылдың кесірінен қазақ елінің бір елдік бірлігі мен бас еркінен айырылу тәжірибесімен ұштастырады. Осыдан келіп, отарлық саясат қазақ халқын тәуелсіздігінен айырып, жеке ұлт ретінде жойып жіберуге шақ қалғанын меңзейді. Семантикалық өрісте «ел», «жер», «сағыныш», «кек», «ер жігіт» сияқты сөздер ұлтқа тән құндылықтарды айқындай отырып, туған жер – ұлттық тамыр, ел – рухани тірек, ер жігіт – ар-намыс иесі деген ұғымдық ұштағанды құрайды. Тәуелсіздік идеясы осынау үш тұғырлы тұстанымдардан тамыр тартады. «Алатау», «Қордай» секілді топонимдер туған өлкенің кеңістіктік жады мен ұлттық географиялық идентификацияны нақтылайды. Тілдік деңгейде өлең эмоциялық-экспрессивтік лексикаға («аңсадым-ау», «көкседім-ау», «шіркін-ай»), императивті үндеулерге («сайра да тұр»), параллель құрылымдарға және анфораларға құрылған, бұл сағыныш сезімін күшейтіп, мәтінге лирикалық-психологиялық тереңдік

береді. «Ел кегі», «кек қайтпайды» сияқты тіркестер азаттық идеясын имплицит түрде білдіріп, Тәуелсіздік атты ел арманының халықтың ар-намысы мен тарихи жадынан еш өшпейтіндігін айғақтайды. Осылайша өлеңде бостандықты аңсау, туған жерге деген сағыныш, отарлық қасірет және елдік намыс тұтас семантикалық-идеялық жүйеге бірігіп, тәуелсіздікке бағытталған ұлттық поэтикалық дискурс қалыптастырады (Zharkynbekova et al., 2016: 106). Бұл дәстүр ертедегі жыраулар поэзиясынан тамыр тартып жатқаны айқын. Мәселен XIX ғасырдағы елдік пен ерлік жыршысы, жорық жырауы Махамбетті «Қызғыш құс» өлеңі мен Кененнің «Бұлбұлға» ән сөзінің идеялық тұрғыдан біте қайнасып кетуі осының нақты көрінісі.

Жалпы, 1916 жылғы көтеріліс тақырыбын жырлаған ақын-жыраулар аз болмады. Бұл тұста айрықша атап өтер бір ақын – Омар Шипин (1879–1976). Омар ақын – 1916 жылғы Торғай көтерілісіне тікелей қатысып, Амангелді Имановтың қасында болған, азаттық күресті ұйымдастыру ісіне араласқан, қолына қару алған жорық жыршысы. Ол – азаттық жолындағы күрестегі жүрген көтерісшілердің рухын асқақтатқан жауынгер жырау. Оның басты мақсаты Амангелді батыр бастаған қозғалысты жырға қосып, көтеріліс кезіндегі сарбаздарды ерлік күрес көріністерін суреттеп, кейінгі ұрпаққа олардың ерлік шежіресін қалдыру болды.

Омар Шипин 1916 жылы шағын өлең-толғаулар шығарып жүрсе, 1920-30 жылдары соларды біріктіріп, «Амангелді» атты көлемді дастан жазып шықты. Дастан 1943 жылы жеке кітап болып шыққан (5 мың данамен). Кеңес билігі бұл дастанды Ұлы Отан соғысы жағдайында насихат құралы ретінде пайдаланып, «халықтың ерлік дәстүрі фашистерге қарсы күресте жігер береді» деп үндеу жазған (Қалиев, 2008: 100). Дастанның алғашқы нұсқасында Омар ақын 1916 көтерілісін Кенесары заманымен байланыстыра суреттегені жоғарыда айтылды. Алайда кейінгі 1961 жылғы өңделген басылымында бұл байланыс түгел алып тасталды – Кенесары туралы жолдар жоқ етілді. Мұның бәрі кеңестік идеологияның талаптарынан туындағаны анық. Бірақ, Омар Шипиннің шығармашылық өмір жолы бізге маңызды шындықты көрсетеді: жырау-жыршы, әнші-ақындарының өздері куә болған азаттық күресін эпос деңгейінде асқақ рухпен жырлауға ұмтылғанын, ұлттық батырларды дәріптегенін аңғартады. Омардың «Амангелді батыр» дастанында (соңғы нұсқасында да) Амангелді, Кейкі, Әлжан, Имановтың сарбаздары батырлықтың үлгісі ретінде суреттеледі. Ақын Амангелді бейнесінде отаршылдыққа қарсы күрескен қазақтың қайтпас рухын дәріптеді. Бұл кеңес идеологиясымен толық үйлесе бермейтін құбылыс болса да, «кеңес үшін соғысқан батыр» ретінде көрсетілді. Шындығында, Омар жырлаған Амангелді – қазақ халқының азаттығы үшін күрескен қаһармандық бейненің символы еді.

1916 жылғы көтеріліс жырлары қазақ поэзиясында тәуелсіздік идеясын ашық көтерген шынайы халықтық туындылар болды. Сол себепті де кеңес билігі бұл жырлардың бәрін бірдей насихаттай алған жоқ – кейбіреулерін жабық ұстап, кейбірін саяси сүзгіден өткізді. Соның өзінде жалпы ақындар атты өнерпаздық тұлғалар өз жырларына ұлт-азаттық рухын жасырын да болса сіңіре білді, ой-таным мазмұнын астарлай жеткізіп отырды. Бұл төңкеріске дейін де қазақ поэзиясында азаттық тақырыбының, тәуелсіздік идеясын жырлаудың болып келгенін көрсетеді. Мысалы, XX ғасыр басындағы жазба ақындарымыз (Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!», Ахмет Байтұрсыновтың «Масасы», т.б.) отаршылдыққа қарсы астарлы үндеу тастады. Солармен рухтас жырау-жыршылар мен әнші-ақындар да ауызша поэзияда өз үлесін қосты.

Осылайша, 1916 жылғы көтеріліс жырларында қазақ әнші-ақындары тұңғыш рет отарлыққа қарсы ашық наразылықтарын жыр тілімен білдіріп, халықтың азаттық идеясын көтерді. Бұл шығармаларға талдау жасау арқылы олардың көркемдік қуаты мен тәуелсіздік идеясын бере білу шеберлігіне көз жеткіземіз.

1917 жылғы Қазан төңкерісі қазақ даласына белгілі бір үміт ала келді. Патша өкіметінің құлауы және ұлттық автономиялар құру мүмкіндігінің пайда болуы – сол дәуір зиялыларын ғана емес, халық ақындарын да елеңдетті.

1920–1930 жылдары көптеген халық ақындары жаңа заманға бейімделіп, кеңес үкіметін мадақтаған өлең-жырлар шығарды. Бұл – заман талабына сай амал еді, әйтпесе шығармашылығын жалғастыру қиын болатын. Жамбыл Жабаев Ленинге, Сталинге, Коммунистік партияға арнап мадақ жырлар айтты, колхоздастыруды қолдап өлең шығарды. Нартай Бекежанов, Шашубай Қошқарбайұлы, Нұрпейіс Байғанин, Нұрхан Ахметбеков секілді ақындар сол жылдары жаңа қоғам жетістіктерін жырлаумен танылды. Алайда олардың кеңестік мазмұнды жырларынан да елге, жерге деген сүйіспеншілік, отаншылдық сезім айқын байқалып тұратын. Бұл отаншылдық кеңес идеологиясы тұрғысынан «социалистік Отанға сүйіспеншілік» деп түсіндірілгенімен, ақындардың көкірегінде ата-қоныс, туған елдің тәуелсіздігіне деген ғасырлық аңсаудың табы жатты.

Кейбір ақындар кеңестік цензураға іліне бермейтін бейтарап тақырыптар арқылы өздерінің ішкі мұңын жеткізді. Мәселен, Кенен Әзірбайұлы кеңес жылдарында балаларға, табиғатқа, махаббатқа арналған көптеген әсем әндер шығарды. Бірақ солардың ішінде ерекше орын алатыны – 1929 жылы шығарған «Базар-Назар» әні. Бұл – Кененнің қос ұлы Базар мен Назардың қазасына арнап шығарған жоқтау әні. Ән жаппай ұжымдастыру мен ашаршылық жылдарының ауыртпалығымен тұспа-тұс келді. Көптеген зерттеушілер Кенен осы ән арқылы жеке қайғысын ғана емес, бүкіл халықтың басындағы қасіретті де жеткізген дейді. «Базар-Назар» әнін тыңдаған жұрт тек бала қайғысын ғана емес, сол кездегі нәубеттің зарын ұққан. Демек, Кенен кеңестік нәубетке ашық қарсылық айта алмаса да, осы ән арқылы жүректегі запыранды төккен. Ал бұл нәубет – еркіндіктің жоқтығынан, басыбайлылықтан туындаған зұлмат еді. Олай болса, әнші жүрегіндегі бостандық аңсары бұл жолы – азаматтық жоқтау формасында шықты деуге болады.

Кеңес дәуірінде халық ақындары ерлік, батырлық туралы жырларды өткен тарих немесе бүгінгі соғыс тақырыбы аясында жырлады. 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезінде Жамбыл, Нартай, Кенен, Доскей, т.б. көптеген ақындар сарбаздарға рух беру үшін майданға арнап жыр-толғаулар шығарды. Мысалы, Жамбылдың «Ленинградтық өренім» атты атақты өлеңі ленинградтықтарды қорғауға шақырған туынды болғанымен, онда бүкіл қазақ даласының отаншылдық рухы көрініс тапты.

Сонымен, ХХ ғасырдағы жырау -жыршылар, әнші-ақындар кеңестік кезеңде өз жырларына тәуелсіздік идеясын тікелей арқау етпесе де, оның ұлы ұғымдық қасиетін, идеялық ұстанымын астарлай да, пернелей де бере білді. Сөйтіп, оянған санадағы рухтық отты өшірмей, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасын табар тәуелсіздік атты үзілмес үмітке жетер күннің жақындай түсуіне рухани зор үлес қосты. Олардың поэзиясында тәуелсіздік идеясы әртүрлі символдық образдар, астарлы теңеулер мен белгілі мотивтер арқылы көрініс тапқан. Олардың ішінде кең тарағандары: құстар образы (бостандық символы ретінде бұлбұл, қырғи, т.б.), тұман-қара бұлт (отарлықты меңзейтін образ), аттану (соғыс, күреске шақыру мотиві), күн мен жарық (еркіндік нышаны) және шынжыр-қамыт (құлдықтың белгісі) секілді бейнелер. Сондай-ақ ақындар тілінде «еркіндік», «азаттық», «бостандық» сияқты түбірлес ұғымдар жиі қайталанып отырады.

Мәселен, Кенен Әзірбайұлының 11 жасында шығарған «Бозторғай» әнін оның шығармашылығындағы азатшыл рухтың алғаш байқалған үлгісі деп бағаланды (Кененқызы, 2013). Бұл әнде күнұзақ байдың қойын бағып жүрген кішкентай Кененнің мұң-зары ақтарылады. Ол таңнан кешке дейін далада жүріп, өзіне серік болған бозторғай құсқа армандарын айтады. Ән мәтінінде бала Кенен қойшы-қоланның ауыр тағдырын жырлай келе, езілген елге тәуелсіздік еркіндігін тілейді, аспандағы бозторғайдай шырылдап бостандықты көксегенін байқатады. Әннің бір шумағында жас Кенен ақын былай дейді (ауызекі жеткен нұсқадан):

*«Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,
Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.
Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,
Сандалып қой соңында азар кешке» (Әзірбаев, 1977).*

Мұнда бозторғай – бостандық символы. Құсқа қарап мұңын шаққан бала кейіпкер өзін бейбақ деп сипаттайды, көзіңнен жас парлап кете береді дейді. «Бозторғай» образы қазақтың кейінгі әндерінде де тәуелсіздікті меңзеумен келеді. Мысалы, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін шыққан «Бозторғай» атты патриоттық әнде де осы символ қолданылды (комп. Л.Төлешова, сөзі Б.Тәжібаевтікі).

Жамбыл Жабаевтың 1920-30 жылдардағы бірқатар өлеңінде «еркін», «ерік» сөздері жиі кездеседі. Ол көбіне партия мен халықты мадақтағанда “еркін заман келді” дегенді айтады. Мысалы:

*«Еркіндік жоқ елімде,
Иелік жоқ жерімде,
Бағасы жоқ, пайда жоқ,*

Бақытсыз сорлы қайда жоқ» (Жабаев, 2021), – деп жазады. Мұндағы «еркіндік», «иелік», «баға», «пайда», «бақытсыз», «сорлы» қазақ қоғамының тарихи кезеңдегі әлеуметтік-психологиялық ахуалын бейнелейтін бағалауыштық бірліктер. Осы арқылы ақын ұлттық еркіндік идеясын алға тартады.

Нартай Бекежановтың шығармаларында да ұлттық ойлау жүйесіне тән астарлы сын, моральдық бағалау, үміт пен жігерді күшейтетін пафос қатар көрініс береді. Мәселен, ақын:

*«Әркімге әртүрлі ғой фәни жалған,
Біреуді біреу сүйеп асып толған,
Бір елде сасық қоңыз сүйенері боп,
Бір дана ғалымдарға басшы болған» (Бекежанов, 2009), – десе, енді бірде:
«Шырқатып әсем әнге берем салып,
Кідіріп отырмаңдар шаршап-талып
Жетеміз аман болсақ ойнап күліп
Қызықты алдымызда сөнбес жарық» (Бекежанов, 2009), – деп жырлайды.*

Берілген екі үзінді ақын поэтикасының екі қырын – әлеуметтік-сыни дискурс пен оптимистік-рух көтеруші дискурс қатар танытады. Екі фрагмент бір-біріне семантикалық және прагматикалық жағынан қарама-қарсы болса да, бір поэтикалық мақсатқа, яғни, тыңдарманның дүниетанымын тәрбиелеу және бағыттау қызметіне бағынады. Фәни жалған», «біреуді біреу сүйеп», «сасық қоңыз», «дана ғалымдарға басшы болған» сияқты поэтикалық бірліктер оның өлеңдеріндегі әлеуметтік-прагматикалық мағынаны айқын көрсетеді. Ақынның «сасық қоңыз» метафорасы төменгі моральдық деңгейдегі, қоғамға

пайдасы жоқ, бірақ билікке немесе мәртебеге ие болып алған адамдарды әшкерелеу үшін қолданылған пейоративті бейне.

Ал, екінші үзіндідегі «жетеміз аман болсақ» тіркесі шартты рай арқылы болашаққа бағытталған үміттің тілдік көрінісі болып табылады. Мұнда ақын өзін де, тыңдарманды да бір ортақ жолда келе жатқан қауым ретінде көрсетіп, «жетеміз» дей отырып, ұжымдық субъектіні қалыптастырады. Осы кезеңдердегі тарихи шындықты, зұлымдықты астарлы суреттеу үшін «қанды қасап», «қара дауыл», «қара тұман» секілді тіркестер қолданылды. Ал «қайран елім» деп күңірену – соған қарсы оқырманның жанашырлық сезімін ояту. Сол арқылы өз қазақ халқына азат күндерді, тәуелсіз елдікті аңсау идеясы беріледі. Отан қорғау тақырыбына жазылған жырларда «айбынды», «сайып қыран», «асқақ» эпитеттері қолданылды (Жабаев, 2021). Жалпы алғанда, әнші-ақындар тілі метафора мен теңеуге бай. Олар сол көркемдік қуатын азаттық идеясын бүркемелеп беру үшін шебер пайдаланған.

Қорытынды

XX ғасырдағы қазақ жырау-жыршы, әнші-ақындарының шығармашылығы – ұлттың тарихи жадын, қоғамдық болмысын және рухани әлемін көркемдік тұрғыдан бейнелейтін құнды мұра. Өмір шындығына сергек қарай білген ақындар халықтың өзіндік санасын оятатын әрі дамытатын көркем бейнелер жасады (Altai et al., 2019: 26). Шығармаларды оқу барысында олардың реалистік бейнелерінің қуаттылығы, идеялық мазмұны мен тақырыптық алуандығы қазақ өнерінің өмір энциклопедиясы іспетті екеніне көз жеткізуге болады (Kozhashev et al., 2025: 45).

Мақалада жүргізілген тарихи-хронологиялық, мәтіндік және лингвостилистикалық талдаулар бұл дәстүрдің қазақ халқының тәуелсіздікке деген ғасырлық ұмтылысын терең әрі жан-жақты көрсете алғанын айқындады. Әнші-ақындардың поэзиясында азаттық идеясы тек саяси мазмұндағы үндеу немесе қарсылық белгісі түрінде ғана емес, халықтың рухани еркіндікке деген ішкі сұранысын, ұлт болмысының мызғымас негіздерін сақтап қалуға ұмтылған тарихи сананың көркем көрінісі ретінде көрінеді. Олардың шығармаларында метафоралық жүйе, символдық образдар, экспрессивтік эпитеттер мен тарихи ишаралар белгілі бір кезеңнің саяси-әлеуметтік ахуалын ғана емес, тұтас ұлттың тағдырын, үміті мен арманын білдіретін бейнелі ойлау формасына айналған.

Зерттеу барысында анықталғандай, кеңес дәуірінің идеологиялық шектеулері ақындардың шығармашылығындағы тәуелсіздікке ұмтылысын, азаттық рухын тұншықтыра алмады. Керісінше, поэзияда туған жерге деген сағыныш, елдікке үндеу, тарихи әділеттілікті аңсау, адам мен еркіндік арасындағы табиғи байланысты көрсету секілді мотивтер арқылы тәуелсіздік идеясы көркем формада үздіксіз жаңғырып отырды. Осылайша, олардың мұрасы XX ғасырдың әр кезеңінде ұлттық сананы қалыптастырудың, тарихи жадты сақтаудың және азаттыққа деген сенімді бекітудің маңызды құралына айналды.

Жалпы алғанда, XX ғасырдағы жырау-жыршылар, әнші-ақындар шығармашылығы қазақ халқының тәуелсіздікке деген ұмтылысының көркемдік шежіресін түзеді. Бұл мұра бүгінгі тәуелсіз Қазақстан жағдайында тарихи тағылым ретінде ғана емес, ұлттық руханияттың терең қабатын құрайтын мәдени-филологиялық дереккөз ретінде де ерекше мәнге ие. Сондықтан жырау-жыршылар, әнші-ақындар поэзиясындағы

тәуелсіздік идеясын ғылыми тұрғыдан зерттеу қазіргі ұлттық сананы жаңғырту, тарихи жадты бекіту және рухани мұраны дәріптеу үшін аса маңызды болып табылады.

Мүдделер қақтығысы, алғыс айту және қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала AP26103883 «Тәуелсіздік идеясын XX-XXI ғасыр баскезіндегі қазақ әдебиетінде көркем бейнелеудегі ұлттық рух ұстанымы мен жаңашыл таным табиғаты» атты тақырыптағы жоба аясында жарияланды.

Мақала бойынша мүдделер қақтығысы жоқ.

ЖИ құралдарының қолданылуы

ЖИ мүмкіндіктері ішінара сөйлем құрылымын ықшамдау, ғылыми стильді біріздендіру, кейбір тіркестердің редакциялық нұсқаларын салыстыру, библиографиялық деректерді дұрыс форматтау, транслитерациялау, сондай-ақ, халықаралық дәйексөз келтіру стандарттарына (APA) сәйкестендіру мақсатында жүзеге асырылды.

Авторлардың қосқан үлесі

Ө. Әбдиманұлы жоба жетекші ретінде зерттеудің бағытын айқындады. Негізгі идеясын ұсынып, ғылыми консультативтік қолдау көрсетті. Мәтіннің мазмұнын, әдістемелік дәлдігін тексеріп, соңғы ғылыми редакция жасады. **М.М. Қондыбай** мақаланың құрылымын әзірледі. Теориялық бөлімдерді жазып, материалдарды талдады және мәтіннің бастапқы нұсқасын дайындады. **Л.Н. Дауренбекова** деректерді жинақтап, зерттеу материалы мен әдістерін сипаттауды әзірледі. Әдебиеттерді рәсімдеп, мәтінді баспа талаптарына бейімдеді. Авторлар тең құқылы және жауапты.

Әдебиеттер тізімі

- Әсіпов, С. (1980). Топжарған. Алматы: Жазушы.
- Бекежанов, Н. (2009). Аманат: өлеңдер, айтыстар мен дастандар. Астана: Фолиант.
- Дүйсенов, М., Сейдаханов, К., & Негімов, С. (1982). Халық ақындары творчествосының көркемдік сипаты. Алматы: Ғылым.
- Жабаев, Ж. (2021). Шығармалар жинағы (10 томдық, 1-том: Өлең-жырлар). Алматы: Қазығұрт.
- Жақанов, І. (2015). Жүрек пернесі: лирикалық эсселер. Алматы: Дәстүр.
- Жанпейісова, С. (2010). Қазақ прозасындағы әнші-ақындар бейнесі (филол. ғыл. канд. дис.). Алматы.
- Каскабасов, С. (1986). Родники искусства. Алматы: Өнер.
- Қалиев, А. (2008). Торғай ақындарының дәстүрлі поэзиясы: ғылыми зерттеу. Астана: Нұра-Астана.
- Қазақ әдебиетінің тарихы. (1967). Алматы: Ғылым.
- Қоспақов, З. (1996). Сыр тартсақ тарихынан әншіліктің. Алматы.
- Кенжебаев, Б. (1958). Қазақ халқының XX басындағы демократ жазушылары. Алматы: ҚМКӘБ.
- Керім, Ш. (2017). Сал-серілер поэзиясы: XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы: монография. Алматы: Ұлағат.
- Негімов, С. (2005). Қазақтың сал-серілері: ғылыми эсселер. Алматы: Ана тілі.
- Өлеңдер бөлімі. (2025). <https://azirbayev.kz/kk/category/verse/> (Қол жеткізілген күні: 12.08.2025).
- Сейітова, Б. Б., Есенова, Қ. Ө. (2024). Жыраулар поэзиясының супердиалектілік сипаты. ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы, 196(4), 124–133. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph11>

-
- Тұрсынов, Е. (1976). Қазақ әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. Алматы: Ғылым.
- Төрткен Кененқызы. (2013). Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім. Алматы: Қазығұрт.
- Ыбырайым, Б. (2014). Ақындар аманаты: Ақан Керейұлы, Доскей Әлімбайұлы, Аралбай Оңғарбекұлы шығармалары. Алматы: Нұрлы әлем.
- Ысмайылов, Е. (1956). Ақындар: монография. Алматы: ҚМ Көркем әдебиет баспасы.
- Altai, A. D., & Aituganova, S. S. (2019). Features of Kazakh literature in the XV–XVIII centuries. *International Academy Journal Web of Scholar*, 7(37), 25–33.
- Altayev, Z. A., & Imanbayeva, Z. M. (2021). Values of traditional Kazakh culture. *Central Asian Journal of Art Studies*, 6(2), 10–24. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i2.373>
- Kozhashev, M., Temirbolat, A., Tleubayev, S., Aisultanova, K., & Sargeltayeva, A. (2025). Genre and stylistic originality of Kazakh poetry of the first half of the twentieth century. *Cuadernos de Investigación Filológica*, 57, 27–45. <https://doi.org/10.18172/cif.6323>
- Kurmanbaev, E. A., et al. (2017). To the problem of a comprehensive study of the institution of Zhyrau: Their status, functions, culture and worldview. *Man in India*, 97(15), 635–653.
- Sultan, Y., Yessenova, K., Seyitova, B., Baltabayeva, Z., Koblanova, A., & Ismailova, F. (2024). Fostering cultural awareness and academic engagement through poetry analysis in Kazakh educational contexts. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 11(4), 124–147. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2294>
- Zhakupov, Z., Meirambekova, L., Aimukhambet, Z., Akhmetova, M., Yespekova, L., & Syzdykova, G. (2020). Linguistic representation of time and space in Kazakh folklore genres. *Opción*, 36(91), 523–535.
- Zharkynbekova, S., & Agmanova, A. (2016). The development of linguistics in Kazakhstan: New approaches and modern tendencies. *Folklore*, 63, 83–106. <https://doi.org/10.7592/FEJF2016.63>.
- linguist

О. Абдиманулы¹, М.М. Кондыбай^{2*}, Л.Н. Дауренбекова³

^{1,2} *Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

³ *Евразийский гуманитарный институт имени А. Кусаинова, Астана, Казахстан*

Идея независимости в творчестве певцов-акынов и жыршы-жырау начала XX века

Аннотация. В статье комплексно рассматривается идея независимости, отражённая в поэзии казахских певцов-акынов и жыршы-жырау первой половины XX века. Основная цель исследования – всесторонне раскрыть содержательный объём идеи независимости, представленной в творчестве казахских певцов-акынов и жыршы-жырау XX века, а также определить новые возможности её художественно-языковой репрезентации. Достижение данной цели предполагает системное рассмотрение исторических, эстетических и лингвостилистических аспектов воплощения идеи национальной свободы и независимости в поэзии певцов-акынов. В исследовании использованы историко-хронологический, описательный, сравнительный, контент-анализ и лингвостилистический методы. Проанализированы исторические истоки идеи свободы в традиционной жырауской и певческо-акынской поэзии, а также её связь с общественно-политическими условиями начала XX века. Выявлено влияние колониального давления и социальных трансформаций на мировоззрение поэтов, а также исследована художественная репрезентация духа свободы в их произведениях. Систематизированы произведения Жамбыла Жабаева, Нурпеиса Байганина, Кенена Азирбаева, Исы Байзакова, Нартая Бекежанова и других выдающихся представителей. Особое внимание уделено роли метафор, эпитетов, символов и исторических образов в передаче идеи независимости. В результате доказано, что поэзия данного периода является важным духовным отражением стремления народа к свободе и играет значительную роль в формировании национального самосознания и исторической памяти.

Ключевые слова: идея независимости, певцы-акыны, жыршы-жырау, поэзия национально-освободительного характера, символические образы, поэтический язык, советская цензура.

The Idea of Independence in the Works of Early Twentieth Century Akyns and Zhyrshy-Zhyrau

Abstract. The article comprehensively examines the idea of independence as reflected in the poetry of Kazakh singer-poets and zhyrau of the early and mid-twentieth century. The main aim of the study is to reveal the semantic scope of the idea of independence represented in the works of Kazakh singer-poets and zhyrau of the twentieth century and to identify new possibilities for its artistic and linguistic representation. Achieving this aim requires a systematic analysis of the historical, aesthetic, and linguostylistic aspects of representing the idea of national freedom and independence in their poetry. The research employs historical-chronological, descriptive, comparative, content analysis, and linguostylistic methods. The historical origins of the idea of freedom in traditional zhyrau and singer-poet poetry are analyzed in relation to the socio-political conditions of the early twentieth century. The influence of colonial pressure and social transformations on the poets' worldview is identified, and the artistic representation of the spirit of freedom in their works is examined. The works of Zhambyl Zhabayev, Nurpeis Baiganin, Kenen Azirbayev, Isa Baizakov, Nartai Bekezhanov, and other prominent figures are systematized. Particular attention is paid to the role of metaphors, epithets, symbols, and historical imagery in conveying the idea of independence. The study demonstrates that the poetry of this period is an important spiritual reflection of the nation's aspiration for freedom and plays a significant role in shaping national consciousness and historical memory.

Keywords: idea of independence, singer-poets, zhyrshy-zhyrau, national liberation poetry, symbolic imagery, poetic language, Soviet censorship.

References

- Altai, A. D., & Aituganova, S. S. (2019). Features of Kazakh literature in the XV–XVIII centuries. *International Academy Journal Web of Scholar*, 7(37), 25–33.
- Altayev, Z. A., & Imanbayeva, Z. M. (2021). Values of traditional Kazakh culture. *Central Asian Journal of Art Studies*, 6(2), 10–24. <https://doi.org/10.47940/cajas.v6i2.373>
- Asipov, S. (1980). *Topzhargan [Topzhargan]*. Almaty: Zhazushy. [in Kazakh]
- Bekezhanov, N. (2009). *Amanat: Olender, aitystar men dastandar [Legacy: Poems, aitys and epics]*. Astana: Foliant. [in Kazakh]
- Duisenov, M., Seidekhanov, K., & Negimov, S. (1982). *Halyk akyn dary tvorchestvosynyn korkemdik sipaty [Artistic characteristics of the works of folk poets]*. Almaty: Gylym. [in Kazakh]
- Kaliyev, A. (2008). *Torgai akyn dardyn dasturli poeziyasy [Traditional poetry of the Torgai poets]*. Astana: Nura-Astana. [in Kazakh]
- Kaskabasov, S. (1986). *Rodniki iskusstva [Sources of art]*. Almaty: Oner. [in Russian]
- Kenzhebayev, B. (1958). *Qazaq halkynyn XX basyndagy demokrat zhazushylary [Democratic writers of the Kazakh people at the beginning of the 20th century]*. Almaty: QMKAB. [in Kazakh]
- Kerim, Sh. (2017). *Sal-seriler poeziyasy: XIX gasyrdyn ekinshi zharty sy men XX gasyrdyn basy [Poetry of sal-seri singers: The second half of the 19th century and the beginning of the 20th century]*. Almaty: Ulagat. [in Kazakh]
- Kozhashev, M., Temirbolat, A., Tleubayev, S., Aisultanova, K., & Sargeltayeva, A. (2025). Genre and stylistic originality of Kazakh poetry of the first half of the twentieth century. *Cuadernos de Investigación Filológica*, 57, 27–45. <https://doi.org/10.18172/cif.6323>
- Kospakov, Z. (1996). *Syr tartsak tarihy nan anshilikten [If we trace the history of singing]*. Almaty. [in Kazakh]

Kurmanbaev, E. A., et al. (2017). To the problem of a comprehensive study of the institution of Zhyrau: Their status, functions, culture and worldview. *Man in India*, 97(15), 635–653.

Negimov, S. (2005). *Qazaqtyn sal-serileri: Gylymi esseler* [Kazakh sal-seri singers: Scientific essays]. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]

Olen-der bolimi. (2025). [Poetry section]. Retrieved August 12, 2025, from <https://azirbayev.kz/kk/category/verse/> [in Kazakh]

Seyitova, B. B., & Yessenova, Q. O. (2024). Zhyraular poeziyasynyn superdialektilik sipaty [Superdialectal character of zhyrau poetry]. *QazNU Bulletin. Philology Series*, 196(4), 124–133. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v196.i4.ph11> [in Kazakh]

Sultan, Y., Yessenova, K., Seyitova, B., Baltabayeva, Z., Koblanova, A., & Ismailova, F. (2024). Fostering cultural awareness and academic engagement through poetry analysis in Kazakh educational contexts. *Journal of Ethnic and Cultural Studies*, 11(4), 124–147. <https://doi.org/10.29333/ejecs/2294>

Torken Kenenkyzy. (2013). *Qosylgan qonyr qazga an men unim* [My song and voice joined the brown goose]. Almaty: Qazygurt. [in Kazakh]

Tursynov, E. (1976). *Qazaq adebietin zhasausylardyn baiyrgy okilderi* [Ancient representatives of the creators of Kazakh literature]. Almaty: Gylym. [in Kazakh]

Ybyraiyim, B. (2014). *Akyndar amanaty: Akan Kereiuly, Doskei Alimbaiuly, Aralbay Ongarbekuly shygarmalary* [The legacy of poets: Works of Akan Kereiuly, Doskei Alimbaiuly, and Aralbay Ongarbekuly]. Almaty: Nurly alem. [in Kazakh]

Ysmayylov, E. (1956). *Akyndar* [Poets]. Almaty: Qazaq SSR Korkem adebiet baspasy. [in Kazakh]

Zhabayev, Zh. (2021). *Shygarmalar zhinagy* [Collected works] (Vol. 1). Almaty: Qazygurt. [in Kazakh]

Zhakanov, I. (2015). *Zhurek pernesi: Lirikalik esseler* [Strings of the heart: Lyrical essays]. Almaty: Dastur. [in Kazakh]

Zhakupov, Z., Meirambekova, L., Aimukhambet, Z., Akhmetova, M., Yespekova, L., & Syzdykova, G. (2020). Linguistic representation of time and space in Kazakh folklore genres. *Opción*, 36(91), 523–535.

Zhanpeisova, S. (2010). *Qazaq prozasyndagy anshi-akyndar beinesi* [The image of singer-poets in Kazakh prose]. PhD dissertation, Almaty. [in Kazakh]

Zharkynbekova, S., & Agmanova, A. (2016). The development of linguistics in Kazakhstan: New approaches and modern tendencies. *Folklore*, 63, 83–106. <https://doi.org/10.7592/FEJF2016.63.linguist>

Авторлар туралы мәлімет:

Әбдіманұлы Өмірхан – ф.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, abdimanuly@rambler.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9134-51322>

Қондыбай Медет Манасұлы* – хат-хабарға жауапты автор, PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, medetmanasuly@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-4546-80391>

Дауренбекова Лаура Ногайбековна – ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, А. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, daurenbekova.laura@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2590-1898>

Абдиманулы Омирхан – д. ф. н., профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, abdimanuly@rambler.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9134-51322>

Кондыбай Медет Манасұлы – автор для корреспонденции, докторант PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, medetmanasuly@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-4546-80391>

Дауренбекова Лаура Ногайбековна – к. ф. н., ассоциированный профессор, Евразийский гуманитарный институт имени А. Кусаинова, daurenbekova.laura@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2590-1898>

Abdimanuly Omirkhan – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, abdimanuly@rambler.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-9134-51322>

Kondybay Medet Manasuly* – corresponding author, PhD Student, Al-Farabi Kazakh National University, medetmanasuly@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0009-0006-4546-80391>

Daurenbekova Laura Nogaibekovna – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Eurasian Humanitarian Institute named after A. Kusainov, daurenbekova.laura@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2590-1898>



Copyright: © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).